

# Наурыз құтты болсын!



Jaqsynyň aty ólmeidi, álimniň haty ólmeidi

## BUQAR JYRAY JARSHYSY

№11  
(1654)

Buqar jyray aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района  
Gazet 1939 jyldyń 12 sáýirinen bastap shygady Газета издается с 12 апреля 1939 года

21

naýрыз 2026 jyl  
марта 2026 года

Наурыз

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ –  
ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫҚ МЕЙРАМЫ.  
БҰЛ – БІЗДІҢ АТА-ДӘСТҮРІМІЗ

Қасым-Жомарт Тоқаев  
Қазақстан Республикасының Президенті

## Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Көктемнің келуімен бірге табиғат түлеп, тіршілік жаңарады. Осындай шуақты кезеңде келетін Наурыз – халқымыздың ғасырлардан жалғасқан салт-дәстүрін, рухани құндылықтарын дәріптейтін, адамдарды жақсылыққа, татулық пен сыйластыққа үндейтін ерекше күн.

Бұл – өткенге тағзым жасап, болашаққа сеніммен қарауға жетелейтін, береке мен бірлікті бекемдейтін кезең. Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа құт дарып, ынтымақ пен ырыс әкелсін.

Ауданымыздың өсіп-өркендеуі – баршамыздың ортақ еңбегіміз бен бірлігіміздің нәтижесі. Ел игілігі жолында атқарылып жатқан істер алдағы уақытта да жалғасын тауып, өңіріміздің дамуына жаңа серпін береді деп сенеміз.

Осы жарқын мереке әр отбасыға шаттық пен молшылық әкелсін. Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке, амандық пен игілік тілейміз!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,  
Бұқар жырау ауданының әкімі

Асхат ӘЛИ,  
Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы

## Уважаемые жители района!

Сердечно поздравляем вас с праздником Наурыз!

С приходом весны обновляется природа, пробуждается жизнь, а вместе с этим в наши дома приходят добрые надежды и новые начинания. Наурыз издавна символизирует согласие, взаимное уважение и стремление к благополучию.

Этот светлый день напоминает о важности единства, духовных ценностях и преемственности поколений. Он объединяет людей, укрепляет добрососедство и наполняет сердца верой в лучшее будущее.

Развитие и благополучие нашего района – результат общего труда и стремления наших земляков сделать родной край еще более уютным, благополучным и процветающим. Уверены, что благодаря единству, трудолюбию и взаимной поддержке, впереди нас ждут новые достижения и добрые перемены.

Желаем вам крепкого здоровья, счастья, достатка и благополучия. Пусть в каждом доме царят мир, радость и согласие!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,  
аким Бухар-Жырауского района

Асхат ӘЛИ,  
председатель Бухар-Жырауского районного маслихата

## Құттықтаймыз!

Бұқар жырау ауданының  
Құрметті азаматы  
Қ.Ж.Жұмашевқа



Құрметті Қанағат Жұмашұлы!

Сізді мерейлі 90 жасқа толған мерейтойыңызбен Бұқар жырау жұртының атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздің ғұмырыңыз – туған жерге адал қызмет етудің, ел сенімін ақтаудың жарқын үлгісі. Саналы өміріңізді ауданымыздың ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне арнап, қаржы жүйесін қалыптастыру мен жетілдіру ісінде табанды еңбек етіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қостыңыз. Сіз атқарған жауапты қызметтер мен қабылдаған шешімдер аудан тіршілігінің ілгерілеуіне, шаруашылықтардың нығаюына берік негіз болды.

Қоғамдық өмірден де шет қалмай, ардагерлер қозғалысына және мәдени іс-шараларға белсене араласып, ауданымыздың рухани өміріне үлес қосып келсіз. Сіздің өмірлік тәжірибеңіз бен парасатты болмысыңыз кейінгі буынға әрдайым үлгі.

Қадірлі Қанағат Жұмашұлы! Мерейлі 90 жасыңызбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен бақ-береке тілейміз. Әрдайым ортамызда абыройлы ақсақал болып, ел құрметіне бөлене беріңіз!

Ізгі тілекпен,  
Ерлан ҚҰСАЙЫН,  
Бұқар жырау  
ауданының әкімі  
Асхат ӘЛИ,  
Бұқар жырау аудандық  
мәслихатының төрағасы